


Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті
Метеорология және гидрология кафедрасы
«БВ05204-Метеорология» білім беру бағдарламасы
4 курс, қазақ тобы

Тұрақты даму мақсаттары: Сапалы білім

«Академиялық ұтқырлық бойынша ТОП университеттерде білім алу» тақырыбында өткен студенттермен кездесу есебі

Университет қабырғасында сапалы білімді қамтамасыз ету үшін География және табиғатты пайдалану факультетінде Цукуба университетінде (Жапония) семестрлік білім алған, «Метеорология» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Назарбекова Сәнімгүлмен кездесу өтті.

Сәнімгүлмен кездесуге «Метеорология» білім беру бағдарламасының 1, 2 және 3 курс студенттері қатысты. Кездесу барысында академиялық ұтқырлық бойынша шетел университеттерінде білім алу мүмкіндіктері, ережелері, құжаттар тапсыру туралы қосымша ақпараттар айтылды.



Цукуба университетіндегі оқу бағдарламалары, әдістемелік жұмыстары, университет қабырғасындағы студенттік өмір, жатақхана мен студент ақысы туралы сұрақтарға жауаптар берілді.

Қатысушы кафедра студенттері академиялық ұтқырлық бойынша қосымша пайдалы ақпараттар алып, кафедра меңгерушісі А.С. Нысанбаева студенттерге мүмкіндікті пайдаланып, шетел университеттерінде мамандық бойынша білім алып, еліміздің дамуына үлес қосуларына тілектестік білдірді, студенттерге сәттілік тіледі.

Сонымен қатар студенттерге «Метеорология» мамандығы бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасын қолдану арқылы семестрлік білім алу мүмкіндіктері, гранттар туралы да маңызды ақпараттар айтылды. Франция «Eiffel Excellence Programm», Жапония «Rotery Yoneyama Scholarship 2024», «Japanese Government (MEXT) Scholarship Awards»,

Швейцария «Excellence Scholarship and Opportunity Programme at ETH Zurich», Венгрия «Stipendium Hungaricum Scholarship Programm 2024/2025» бағдарламалары арқылы шетелде білім алу ережелері, шәкіртақы, құжаттарды тапсыру дедлайны, құжаттар тізімі сияқты ақпараттар айтылды.

Кездесу туралы «универ» жүйесінде <https://univer.kaznu.kz/news/advicer/1/> және кафедраның инстаграм әлеуметтік парақшасында хабарландыру берілді.

Метеорология және гидрология
кафедрасының меңгерушісі

Нысанбаева А.С.

4-курс әдвайзері

Мунайтпасова А.Н.